

Кейс-стади

№75 мектеп-гимназиясы Астана қаласында орналасқан, қазақ және орыс тілдерінде білім береді. Мектепте 173 педагог жұмыс істейді, 3378 оқушы білім алууда.

Біз SHARE жобасына қатысуға өтініш бердік, себебі бұған дейін де зерттеу жобаларына қатысу тәжірибеміз болды, сондай-ақ қазіргі уақытта өткізілген тренингтерге қатыстық. Мектебіміз қала мектептері арасында жетекші орындардың бірін иеленеді. Бұл жетістіктер оқушылармен жүйелі түрде жұмыс істейтін педагогикалық ұжым мен ата-аналармен тығыз байланыс нәтижесінде мүмкін болды. Мектепте әртүрлі бағыттағы жобалар жүзеге асырылуда, соның ішінде Lesson Study, Akelius және басқа да жобалар бар. SHARE жобасына негізгі топ ретінде директор, директордың орынбасары, жоба үйлестірушісі, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі және тарих пәнінің мұғалімі кірді. Педагогикалық кеңесте жобаның мақсат-міндеттері бүкіл ұжымға түсіндірілді. Ұжымның басым бөлігі жоба туралы хабардар болғанымен, мектепке жаңадан келген мұғалімдер де бар еді. Нәтижесінде, 22 мұғалім жобада ерікті түрде қатысуға өтініш берді, кейін тағы 7 мұғалім қосылды. Барлығы 29 ерікті мұғалім жобаға тартылды. Олардың арасында Lesson Study және Action Research курстарынан өткен мұғалімдер болды. Маңыздысы – бұл мұғалімдер жобаға ерікті түрде келді, яғни зерттеуге қызығушылығы бар педагогтар. Бұл өте маңызды фактор болды. Еріктілермен бірнеше кездесу өткізілді. Кездесулер барысында анкета жүргізіліп, мұғалімдерді толғандыратын негізгі сұрақтар анықталды. Нәтижесінде зерттеу үшін бес сынып таңдап алынды: 2-сынып (қазақ тілінде оқыту), 3, 6, 9 және 10-сыныптар (орыс тілінде оқыту). Келесі маңызды кезең — этикалық мәселе болды. Зерттеуге қатысатын сыныптардағы оқушылардың ата-аналарына ақпараттық материалдар мен келісім парақтары таратылды. Барлық ата-ана келісім берді, тек 3-сыныптағы бір ата-ана баласының қатысуынан бас тартты. Ата-анамен қайта әңгіме жүргізілгенімен, ол өз шешімін өзгертпеді. Сол себепті, бұл оқушы зерттеуге қатыспайтын болды. Қалған сыныптарда барлық ата-ана келісімге қол қойды. Еріктілермен өткізілген кездесулер өте маңызды болды. Біріншіден, алдағы жұмыстың бағытын айқындау қажет болды. Екіншіден, анкеталау, сұхбаттасу және оқушылардың үлгерім көрсеткіштерін талдау нәтижесінде зерттеу сұрағы анықталды:

«Сабақты тиімді жоспарлау – табысты оқытудың кепілі» Таңдалған 5 сыныпқа байланысты негізгі топ пен еріктілер 5 топқа бөлінді. Әр топтағы мұғалімдер саны әртүрлі болды: 2-сынып — 5 мұғалім, 3-сынып — 7 мұғалім, 6-сынып — 7 мұғалім, 9-сынып — 6 мұғалім, 10-сынып — 4 мұғалім.

Бұл топтарды құруда әрбір сыныпта сабақ беретін мұғалімдер ескерілді. Негізгі топ мүшелері мен сынып жетекшілері топтарды үйлестірді. Сынып жетекшілері сабақ кестесіне сәйкес бақылау кестелерін жасады, өйткені мектепте екі ауысымда оқыту жүргізіледі. Таралған көшбасшылық жобаның жүйелі түрде жүзеге асуына мүмкіндік берді. Еріктілерге арналған тренингтер өткізілді, онда жобаның идеялары, бағыттары және зерттеу кезеңдері таныстырылды. Деректер жинау әдістері: сабақтарға бақылау жасау, үлгерім мәліметтерін зерттеу, оқушылармен сұхбат, мұғалімдермен фокус-топтар өткізу. Алдын ала дайындалған бақылау кестесінің арқасында бақылау жүргізу қиындықсыз өтті. 9 және 10-сыныптарда мұғалімдер аптасына 4–5 сабаққа қатысып отырды. 6-сыныпта ата-аналардың өтінішімен бақылау сәл кешірек басталды, себебі оқушылар НЗМ, РФММ-ге түсуге дайындалып жатты. Кейін бұл сыныпта аптасына 3–4 сабаққа бақылау жүргізілді. Бастауыш сыныптарда аздаған сабақтарға қатысу болды. Сабақ барысын талдау үшін бақылау парақтары қолданылды. Бұл парақтар сабақтағы барлық маңызды сәттерді тіркеуге, кейін толықтыруға немесе түзетуге мүмкіндік берді. Зерттеу басталған кезде сыныптар бойынша білім сапасы келесідей болды: 2-сынып — 65%, 3-сынып — 77%, 6-сынып — 83%, 9-сынып — 13%, 10-сынып — 68%. Осы сыныптар арасында ең төменгі білім сапасы 9-сыныпта тіркелді. Осыған байланысты, сынып жетекшісі бұл сыныптың зерттеуге қатысуына мүдделі болды. Оқушылармен сұхбат жүргізу алдағы зерттеу үшін құнды ақпарат алуға мүмкіндік берді. Оқушылармен жүргізілген сұхбат нәтижелері:

Оқушылармен жүргізілген сұхбат нәтижелері:

1. Саған осы сыныпта оқу ұнай ма?
Көптеген оқушылар өздерін жайлы сезінетінін, сыныпта жақсы атмосфера қалыптасқанын айтты. 10-сынып оқушылары жаңа құрамда оқудың қызығырақ екенін атап өтті — сынып әртүрлі 9-сыныптардан құралған және химия-биология бағытына ие.
2. Сыныптастарыңмен қарым-қатынас қалай?
Қарым-қатынастар негізінен жақсы. Бастауыш сынып оқушылары арасында кейде келіспеушіліктер болса да, олар тез шешілетінін айтты.
3. Өзіңді сыныптың бір бөлшегі ретінде сезінесің бе?
Көпшілігі өздерін ұжымның бір мүшесі ретінде сезінеді, бірақ 9-сыныпта өзара тығыз араласатын шектеулі ортада болуды жөн көретіндер де бар.
4. Сыныптастарың сенің пікіріңді түсіністікпен қабылдай ма?
Көбіне — иә. Оқушылар көбіне ортақ мәселелерді бірге талқылайды, бірақ кейде ерекшеліктер болады.
5. Өзіңді елемей жатқандай сезінетін кездер бола ма?
Мұндай жағдайлар сирек. Кейбір 10-сынып оқушылары бұндай сезімді бұрынғы мектептерінде бастан өткергенін айтты.
6. Сыныпта немесе мұғалімдер арасында сені тыңдайтын адам бар ма?
Көпшілігі мұғалімдерге, әсіресе сынып жетекшілеріне сенеді, сондай-ақ сыныптастарына да.
7. Оқушылар өз сыныптарын мақтан тұта ма?
Иә, көпшілігі өз сыныбымен мақтанады. Тіпті 9-сыныптағы үлгерімі төмен балалар да сыныптағы жайлы атмосфераны атап өтті.
8. Сыныптың бір мүшесі ретінде сезінуге не әсер етті?
Бірлескен іс-шаралар, үзілістердегі әңгімелер, сыныптан тыс жұмыстар.
9. Қай пәндер қиындық туғызады және не себепті?
Көбіне — математика, алгебра, физика (формулалар, білімдегі олқылықтар, уайым). Бастауышта — информатика, орыс және қазақ тілдері.
10. Сыныптағы тәртіп қандай?
Жоғары сыныптарда тұрақты, төменгі сыныптарда шу мен зейінсіздік байқалады. Бастауыш оқушыларына сұрақтар жеңілдетіліп қойылды.

Сұхбатты талдау зерттеліп отырған сыныптардағы әлеуметтік, эмоционалдық және оқу аспектілерін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Жоғары және орта буын оқушылары оқу және әлеуметтік жағдайларға көбірек назар аударса, кіші сынып оқушылары көбіне эмоциялық факторларды атады — бұл жас ерекшеліктерімен байланысты. Оқушылармен сұхбат жүргізу әрі қарайғы зерттеу үшін құнды ақпарат алуға мүмкіндік берді.

Мұғалімдермен фокус-топ кездесу өте пайдалы болды.

10-сыныпта сабақ беретін пән мұғалімдері бұл сыныптың білім алуға ынталы екенін, білім сапасының жоғары екенін айтты. Алгебра мен геометрия сабақтарында оқушылар есептерді жақсы шығарғанымен, шешу жолын түсіндіріп айтуда қиындықтар бар. Сонымен қатар, оқушылардың шағын топтарға бөлініп араласатыны айтылды.

9-сыныпта пән мұғалімдері басты мәселе ретінде үлгерімнің төмендігін атады.

6 және 3-сыныптарда мұғалімдер оқу нәтижелері жақсы екенін, бірақ тәртіп мәселесі мен кейбір оқушылардың гиперактивтілігін атап өтті.

2-сыныпта оқушылардың үлгерімі жақсы болғанымен, көптеген оқушылардың ауызекі сөйлеу дағдысы әлсіз дамыған. Осылайша, мәліметтерді жинаудың алғашқы кезеңі әр сыныпта негізгі зерттеу сұрағына сай өзекті мәселе бар екенін көрсетті. Бақылау, оқушылармен сұхбат, мұғалімдермен фокус-топ нәтижелері мен үлгерім мәліметтерін ескере отырып, келесі зерттеу сұрақтары анықталды:

10-сынып: «Диалогтік оқыту арқылы тілдік құзыреттілікті дамыту» 9-сынып: «Сыныптағы тәртіпті қалай жақсартуға болады?» 6 және 3-сыныптар: «Сынып тәртібін қалай жақсартуға болады?», 2-сынып: «Сөйлеу дағдыларын дамыту». Жалпы мектептік зерттеу: «Сабақты тиімді жоспарлау – табысты оқытудың негізі»

Бұл соңғы сұрақ зерттеліп отырған барлық сыныптағы мәселелердің сабақ жоспарлауға қатысты екенін көрсеткендіктен сақталды. Бақылау, сұхбат және мұғалімдермен фокус-топ нәтижелері сабақ беруде бірқатар олқылықтардың бар екенін көрсетті: Білім алушылардың өз ойын жеткізу және түсіндіру дағдылары жеткіліксіз (10-сынып, математика сабағы). Жаңа тақырыпты меңгеру барысы мен сабақты бекіту кезеңінде тиісті әдістер қолданылмаған (9-сынып, география, қазақ тілі, биология пәндері). Мұғалім оқушылармен өзара әрекеттестік орнатпай, көп жағдайда тек өзі сөйлеген (6-сынып, орыс тілі, математика пәндері). Сабақта тәртіптің болмауы, оқушылардың зейінсіздігі (3 және 2-сыныптарда), олардың сабаққа қатысуының төмендігі. Бұл жағдайлар мұғалімдердің сабақты жоспарлауда кейбір маңызды кезеңдерді ескермейтінін көрсетті, атап айтқанда: Сабақтың мақсатын нақты тұжырымдау, оқушылардың алдын ала білімін ескеру, сабақ құрылымын жүйелі түрде жоспарлау, оқу тапсырмаларын, әдіс-тәсілдерді мақсатқа сай іріктеу, уақытты тиімді бөлу, бағалау тәсілдерін нақты белгілеу. Осыған байланысты, 2023-2024 оқу жылының екінші тоқсанында Lesson Study зерттеу сабағын жоспарлау кезінде сабақ жоспарының сапасына ерекше назар аудару жоспарланды. Бұл үшін мұғалімдерге келесі қолдау шаралары ұйымдастырылды: «Сабақ жоспары – табысты оқытудың негізі» тақырыбында семинар (2023 жылдың қазан айында өткізілді).

Мұнда мұғалімдермен сапалы сабақ жоспарының құрылымдық элементтері, олардың өзара байланысы мен логикасы, әрбір элементтің сабақтың табыстылығына ықпалы талқыланды. Сонымен қатар, табысты сабақ жоспарларының үлгілері қарастырылды. Бұл семинар зерттеу сабағының жоспарлауын жақсартуға бағытталған алғашқы қадам болды. Тәлімгерлік және бірлескен жоспарлау lesson study-ге қатысатын зерттеу топтарына әдістемелік бірлестік жетекшілері, директордың орынбасарлары және педагог-зерттеуші санатындағы тәлімгерлер көмектесті. Әр зерттеу тобы сабақтың тақырыбы мен мақсаттарын, оқу тапсырмаларын бірлесіп анықтады. Жоспарды жасау барысында Блум таксономиясы, SMART-мақсат қою, кері жоспарлау әдістері қолданылды. Сабақ жоспарларын сараптау және кері байланыс беру Сабақ жоспарлары бірлесіп әзірленіп болған соң, SHARE үйлестірушісі және мектеп тренері оларды қарап шығып, ұсыныстар берді.

Мұнда келесі аспектілерге назар аударылды: Сабақ мақсаттарының нақтылығы мен өлшенетіндігі; Сабақ кезеңдерінің жүйелілігі мен бірізділігі; Қолданылатын әдіс-тәсілдердің, ресурстар мен тапсырмалардың сабақ мақсатына сәйкестігі; Уақытты тиімді бөлу; Бағалау түрлері мен критерийлердің қолжетімділігі;

Дифференциация тәсілдерінің болуы. Зерттеу сабақтарын өткізу және оларды талдау SHARE шеңберінде әрбір зерттеу тобы зерттеу сабағын өткізді. Сабақтарда тандалған оқушыларды (фокус оқушыларды) бақылау, бейнетүсірілім жасау және кейінгі талдау жүргізілді. Бұл кезеңде мұғалімдер келесі дағдыларды дамытты: оқушы әрекетін жүйелі түрде бақылау; сабақты бейнеталдау арқылы өзіндік рефлексия жасау; сабақтың табысты немесе қиын тұстарын анықтап, келесі қадамдарды жоспарлау.

10-сыныпта ағылшын тілі мен алгебра сабақтары өткізілді. Сабақтарда диалогтік оқыту әдістері арқылы оқушылардың тілдік құзыреттіліктерін дамытуға назар аударылды. Ағылшын тілі сабағында оқушылар топпен жұмыс істей отырып, тапсырмаларды орындады. Мұғалім топ құрамын және рөлдерді үнемі ауыстырып отырды, бұл оқушылар арасындағы өзара әрекеттестікті арттырды. Сабақта тілдік дағдыларды дамытуға бағытталған стратегиялар қолданылды.

Ал алгебра сабағында оқушылар есептерді жақсы шығарғанымен, шешу жолын түсіндіруде киналды. Сондықтан сабақ жоспарларына (ҚМЖ) оқушылардың ойлау және сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар енгізілді. Алғашында оқушылар өз шешімдерін түсіндірмей, тек есеп шығарумен шектелді. Бұл мәселені шешу үшін мұғалімдер тапсырма санын азайтып, әр есепке сапалы

түсініктеме беруді талап етті. Сонымен қатар, отыру тәртібі өзгертіліп, ұлдар мен қыздарды араластырып отырғызу арқылы белсенділік артты.

9-сыныпта химия және алгебра сабақтары жүргізілді. Сабақтарды бірлесе жоспарлау кезінде оқушыларды барынша оқу процесіне тартатын белсенді әдістер қолданылды. Бірнеше сабақтардан кейін оқушылардың сабаққа қызығушылығы артып, үй тапсырмасын орындауға жауапкершілікпен қарай бастады. Сабақта оқушылар жиі пікір білдіріп, тапсырмаларды белсенді орындады. Диалогтік оқыту нәтижесінде сабақтарда жайлы орта қалыптасты. Химия сабақтарында жұптық жұмыс тиімді болса, алгебрада – топтық жұмыс басым болды.

Мотивацияға байланысты мынадай жеке ерекшеліктер байқалды:

Оқушы А – мотивациясы төмен, топтық жұмыс және өзін-өзі бағалау арқылы қызығушылығы артты.

Оқушы В – орташа мотивациялы, жаңа әдістерге (сыртқы бағалау, пікірталас) тез бейімделді.

Оқушы С – мотивациясы жоғары, жаңашыл әдістердің арқасында жетістігін сақтап қалды.

Кейбір оқушылар әлі де пассивті қалды. Бұл жасырын көшбасшыларды анықтаудың маңыздылығын көрсетті. Оқушылар үшін тақырып қана емес, оны ұсыну әдісі де маңызды екені анықталды. 6-сыныпта әдебиет, математика және ағылшын тілі сабақтары өткізілді. Сабақтарда белсенді оқыту әдістері мен ойын элементтері, сонымен қатар оқу әрекеттерін ауыстырып отыру гиперактивті оқушылардың тәртібіне оң әсер етті. Алайда екі оқушы сабақ барысында әлі де аса белсенділік танытып, орындарынан тұрып, мұғалімнің сөзін бөліп, жауап беруге асықты.

6-сыныпты зерттеген мұғалімдер тобы тәртіпті түзету үшін сабақтан тыс шаралар ұйымдастырды. Атап айтқанда, кітапханаға экскурсия және сыныптасының хоккей ойынына бару сияқты іс-шаралар өткізілді. Бұл балалардың бірігуін, ұжымдық рухты және мектеп өміріне араласуын күшейтті, тіпті гиперактивті балалар үшін де тиімді болды.

3-сыныпта екі сабақ өткізілді. Нәтижесінде тек мазмұн емес, материалды ұсыну формасы да бастауыш сынып оқушыларының мотивациясына айтарлықтай әсер ететіні анықталды. Сабаққа басқа мұғалімдердің қатысуы балалардың қызығушылығын арттырып, тәртіпті жақсартты. Балалар өздерін бақылап отырған мұғалімдер алдында жақсы көрінуге тырысты.

2-сыныпта үш әдебиеттік оқу және бір қазақ тілі сабағы ұйымдастырылды. Сабақтардың мақсаты — ауызекі сөйлеу дағдыларын дамыту, себебі көптеген оқушылар толық жауап беруде қиналды. Бастапқыда балалардың жауаптары қысқа, бір сөзбен шектелетін. Сондықтан кейінгі қысқа мерзімді жоспарларға ойын элементтері, сыни ойлау әдістері, шығармашылық тапсырмалар мен рефлексия сияқты белсенді оқыту тәсілдері енгізілді.

Үш әдебиеттік оқу сабағын осы сыныптың сынып жетекшісі, ал қазақ тілі сабағын бұл топтағы бақылаушы мұғалім өткізді. Басқа, таныс емес мұғалімнің сабақ жүргізуі балаларға қызықты әсер етті. Топтық жұмыс кезінде балалар бір-бірін қолдап, жақсы баға алуға тырысты. Бұл әдіс бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сай сөйлеу дағдыларын дамытуда өте тиімді болды деп есептейміз. Зерттеу соңында 4-тоқсан бойынша үлгерім деректері, бақылау нәтижелері және оқушылармен өткізілген фокус-топтар негізге алынды.

10-сыныпта білім сапасы – 78%

9-сыныпта – 17%

6-сыныпта – 86%

3-сыныпта – 79%

2-сыныпта – 69%

Бұл деректер барлық сыныптарда білім сапасының өскенін көрсетті. 9-сыныпта білім сапасы әлі де төмен деңгейде болғанымен, зерттеу басталған кезбен салыстырғанда 4%-ға өсім байқалды.

Оқушылармен өткізілген фокус-топ нәтижелері бойынша барлық дерлік сынып оқушылары фокус-топ қатысушысы болу өздеріне қызықты болғанын айтты. Әр сыныпта фокус-топқа әртүрлі мотивациясы бар оқушылар таңдалды. Балалар SHARE жобасына қатысқаны ұнағанын жеткізді. Бірақ жоғары сынып оқушылары арасында бейтарап көзқарас білдіргендер де болды.

Бастауыш сынып оқушылары эмоциялық деңгейде жауап берді: оларға басқа мұғалімдердің келуі, олармен сұхбаттасу және сабақтағы жаңа белсенділік түрлері ұнады.

Көптеген оқушылар мұғалімдердің сабақтарға қатысуы үй тапсырмасын жауапкершілікпен орындауға, сабақта белсендірек болуға, әсіресе топта жұмыс істеуге ықпал еткенін айтты. Бұл оқушылардың мотивациясы мен белсенділігінің артуына әсер етті.

SHARE жобасы аясындағы сабақтар қызықты өтті, стандартты емес әдістер қолданылды. Жоғары сынып оқушылары мұғалімдер ғана емес, өздері де өзін зерттегенін, белгілі бір жағдайларға әсер ете алатынын айтып өтті. Өзгерістердің болуы – тіпті аз болса да – олар үшін маңызды болған.

Орта буын оқушылары жобаның арқасында сыныптың топтаса түскенін, бірлескен сабақтан тыс шаралар мен жобалық жұмыстар осыған ықпал еткенін айтты.

Мұғалімдердің рефлексиясы

Зерттеу соңында мұғалімдер өз топтарымен бірге рефлексивтік есептер жазды. Жиналыс өткізіліп, әр мұғалім өзінің нәтижелерімен бөлісті.

Қорытындылай келе, зерттеу аяқталды, мақсаттар орындалды, кейбір сыныптарда ішінара болса да, бұл мұғалімдердің командалық жұмысы, белсенділігі мен саналы қатысуының нәтижесінде мүмкін болды.

Тренингтер, онлайн-сессиялар, НИШ-пен серіктестіктегі жұмыстар (Коллин МакЛафлин мен Кэйт Эванстың жетекшілігімен) бізге жаңа білім, практикалық дағдылар және кәсіби дамуға бағыт берді.

Апталық кездесулер, семинар-тренингтер, сұхбаттар, бірлескен жоспарлау, қиындықтарды шешу – осының бәрі зерттеу жұмысын жүйелеуге, мұғалімдерді команда ретінде біріктіруге, әр мұғалімде көшбасшылық қасиеттердің дамуына сеп болды. Мұғалімдер өз тәжірибесін зерттей бастады, оқушының өзгерісін байқай алды. Ең маңыздысы – мұғалімдер оқушыларды мұқият тыңдай бастады, олардың қалай оқитынын, не нәрсе қолдайтынын тереңірек түсіне бастады. SHARE жобасы – жай ғана зерттеу емес, ол – қимылдауға және жағдайды өзгертуге мүмкіндік беретін құрал. 2025 жылдың наурыз айында координатор (модератор рөлінде) және ерікті үш мұғалім «AR: Чему научились?» атты шағын конференцияға қатысып, постер қорғап шықты. Болашақ жоспарлар: Болашақта бақылауды жалғастырып, эксперименттер жасап, оқуды қызықты әрі мағыналы етуге бағытталған жаңа идеяларды ұсынуды жоспарлап отырмыз. SHARE бізге тек құрал емес, мектептің іштей және жүрекпен өзгертетініне сенім берді. Бұл – заманауи әрі дамушы мектепке қарай жасалған үлкен қадам.

